

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



«ҰБТ-дағы информатика есептерін шешудің тиімді тәсілдері»
тақырыбында облыстық семинар

АҚТАУ ҚАЛАСЫ
2023 ЖЫЛ



БҰЙРЫҚ

«30» сентябры 2022 жыл
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 210 пс
город Актау

Информатика пәні мұғалімдеріне арналған «ҰБТ-дағы информатика есептерін шешудің тиімді тәсілдері» тақырыбында облыстық семинарын өткізу туралы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы негізінде әдістемелік қолдау көрсету және іс – тәжірибе тарату мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 6 қаңтар күні Ақтау қаласы №11 лицейінде информатика пәні мұғалімдеріне арналған облыстық семинар - практикум өткізілсін (бұдан әрі - Семинар)

2. Бекітілсін:

1) Ұйымдастыру құрамы (1-қосымша);

2) Семинар бағдарламасы (2-қосымша);

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне.

1) Спикерлердің жұмыстары 2023 жылдың 4 қаңтарына дейін жіберілсін.

4. Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жаратылыстану-математика бөлімінің жетекшісі (Ш.Қиянова):

1) Семинарды тиісті деңгейде ұйымдастырып, сапалы өткізу жауапкершілігі тапсырылсын.

5. Бұйрықтың орындалысын бақылау директордың орынбасары Ж.Жұмабаеваға жүктелсін.

Директор

Ж.Үмбетова

Ұйымдастыру құрамы

Жұмабаева Жемісгүл
Жеткізгенқызы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары

Қиянова Шолпан
Орынбасарқызы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы
жаратылыстану-математика бөлім
жетекшісі

Казбекова Айман
Темиркуловна

Білім берудің оқу-әдістемелік
орталығының әдіскері

Утепбергенова Жанбота
Кайрбаевна

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Оқу әдістемелік орталығы» КММ
әдіскері

Шохарбаева Гаухар
Амантаевна

«№11 лицейінің» директоры

**Облыстық информатика пәні мұғалімдеріне арналған семинардың
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Тақырыбы: «ҰБТ-дағы информатика есептерін шешудің тиімді тәсілдері»

Өтетін күні, уақыты: 06.01.2023ж., басталуы сағат 09:00

Өтетін орны: Ақтау қаласы №11 лицейі

Мақсаты: Мұғалімдерге әдістемелік қолдау және іс-тәжірибе алмасу.

Облыстық информатика пәні мұғалімдері	
Модератор: Казбекова Айман Темиркуловна - білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері	
Қатысушылар: Облыс бойынша жалпы білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдері	
Қатысушылар саны: 40	
09.00-09.30	Алғы сөз. Жұмабаева Жемісгүл Жеткізгенқызы, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары
09.30-11.00	Орынбасаров Құрманғазы, Ақтау қаласы, «NEW FORMAT.KZ» мектебі, информатика пәні мұғалімі «Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау»
11.00-12.00	Баткамбаева Избиби Далабаевна, Ақтау қаласы, №11 лицей, информатика пәні мұғалімі «ҰБТ-ға дайындық жұмысы бойынша мұғалімнің жинақ папкасы»
14.00-15.30	Бектілеуова Нұргүл Меңдіханқызы, Ақтау қаласы, QAZBILIM AQTAU ұлттық лицейі, информатика пәні мұғалімі «Информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары»
15.30-16.30	Авезова Бибихадиша Калдурдыевна, Бейнеу ауданы, Атамекен ЖББМ информатика пәні мұғалімі «Санау жүйесі. Логикалық операциялар. Ақиқат кестені құру»
16.30-17.00	Семинарды қорытындылау, пікір алмасу

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау
Орынбасаров Құрманғазы Салиұлы
«NEW FORMAT.KZ» мектебінің информатика пәні мұғалімі

Информатика ҰБТ-2022

10 бөлімнен тұрады

Әр бөлім бірнеше тақырыптардан тұрады
http://www.testcenter.kz/upload/iblock/a/rmatika-_az.pdf



I БӨЛІМ:
КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР

1

1.1 Компьютердің
құрылғылары


2

1.2 Компьютерлік
желілер және оны
ұйымдастыру

3


1.3 Ақпараттық
қауіпсіздік

Компьютердің құрылғылары



Тұрақты есте сақтау құрылғысы Жедел есте сақтау құрылғысы

Суретте көрсетілген құрылғы



- ☐ А) кэш-жады
- ☐ Б) тұрақты есте сақтау
- ☐ С) жедел есте сақтау

Жүйелік блок құрамына кірмейтін құрылғы

- ☐ А) кэш-жады

елілер



Байланыс арнасынан бір компьютер істен шықса, желі жұмысын тоқтататын желі топологиясы:

- а. Иерархиялық
- б. Шина
- с. Сақина
- д. Жұлдыз

II БӨЛІМ: АҚПАРАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕР



Ақпараттың өлшем бірліктері

Ақпараттың өлшем бірліктерін
аудару және керісінше
Хабардың ақпараттық көлемі
БОД

Атауы	Дәреже түрінде жазылуы	Шартты белгіленуі
Килобайт	2^{10} (1024 байт)	Кбайт, Кб
Мегабайт	2^{20} (1024 Кбайт)	Мбайт, Мб
Гигабайт	2^{30} (1024 Мбайт)	Гбайт, Гб
Терабайт	2^{40} (1024 Гбайт)	Тбайт, Тб
Петабайт	2^{50} (1024 Тбайт)	Пбайт, Пб
Эксабайт	2^{60} (1024 Пбайт)	Эбайт, Эб
Зеттабайт	2^{70} (1024 Эбайт)	Збайт, Зб
Йоттабайт	2^{80} (1024 Збайт)	Йбайт, Йб

448 беттен тұратын кітаптың көлемі 700 Мб компакт-дискінің қанша бөлігін алады? Кітаптың бір бетінде шамамен 64 символдан тұратын 64 жол бар деп есепте.

Қолданылатын ақпарат: 1 символ = 1 байт, 1 Мб = 1024 Кб, 1 Кб = 1024 байт.

Берілді:

$$V_{\text{диск}} = 700 \text{ Мб}$$

$$V_{\text{кітап}} = 448 \text{ бет} \cdot 64 \text{ жол} \cdot 64 \text{ символ}$$

Табу керек: $V_{\text{кітап}} / V_{\text{диск}} - ?$

Шешуі:

$$1) V_{\text{кітап}} = 448 \cdot 64 \cdot 64 = 1835008 \text{ байт}$$

$$2) V_{\text{диск}} = 700 \text{ Мб} = 700 \cdot 1024 \cdot 1024 = 734003200 \text{ байт}$$

$$3) V_{\text{кітап}} / V_{\text{диск}} = 1835008 \text{ байт} / 734003200 \text{ байт} = 0,0025$$

Жауабы: 0,0025 (бөлігі).

Есептеу жүйелері

Позициялық санау жүйелері:

1.Екілік санау жүйесі

$$315_{10} = 473_8 = 13B_{16}$$

2.Сегіздік санау жүйесі

3.Ондық санау жүйесі

$$0,1875_{10} = 0,14_8 = 0,3_{16}$$

4.Оналтылық санау жүйесі

Позициялық емес санау жүйелері:

Мысалға, рим цифрлары I, XII

ЛОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Конъюнкция, дизъюнкция және

Ақиқат кестесін құру

Компьютердің логикалық элементтері

ЛО суретін салу

Инвентор	Конъюнкция	Дизъюнкция
$0 \rightarrow \boxed{\text{ЕМЕС}} \rightarrow 1$	$0 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$ $0 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$	$0 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 0$ $0 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 0$
$1 \rightarrow \boxed{\text{ЕМЕС}} \rightarrow 0$	$0 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$ $1 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$	$0 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$ $1 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$
	$1 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$ $0 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 0$	$1 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$ $0 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$
	$1 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 1$ $1 \rightarrow \boxed{\text{ЖӘНЕ}} \rightarrow 1$	$1 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$ $1 \rightarrow \boxed{\text{НЕМЕСЕ}} \rightarrow 1$

ІІІ БӨЛІМ: КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЛАУ

Программалау

- Python бағдарламасында файлдарды оқу және жазу
- Кірістірілген шарттарды қолдану
- While және For циклін қолдану және есеп шығару
- Бірөлшемді және екіөлшемді массивтерді қолдану

Алгоритмдер

- Тармақталған алгоритмдерді құру
- Алгоритмнің трассировкасын құру
- Сұрыптау алгоритмі

Негізгі Python?

- Python қазіргі заманға лайықты, жоғарғы дәрежедегі программалау тілі болып саналады.
- Бұл тіл қазір көптеген салаларда, соның ішінде
- Веб-сайттар (Django, Flask)
- Жасанды интеллект (Tensorflow, AI)
- Мобилдік қосымша (Kotlin)
- Desktop қосымша (PyQt5, Tkinter)



Алгоритм дегеніміз...

алға қойған мақсатқа жету үшін немесе берілген есепті шешу үшін түсінікті де нақты ережелер бойынша орындаушыға жинақы түрде берілген реттелген нұсқаулар тізбегі.



Кез-келген алгоритмнің 3 түрі бар

1. Сызықтық алгоритм (тізбектей орындалу)
2. Тармақталған алгоритм (екі опция таңдау)
3. Циклдік алгоритм (бірдей әрекеттерді қайталау)

Python IDLE бағдарламасын

<https://www.python.org/downloads/>

Математикалық өрнектерді Python тілінде жазу

`sqrt()` - түбір астынан шығару

`pow()` - дәрежені шығару

`abs()` - модуль табу

`round()` - жуықтау, үтірге дейін

`floor()` - берілген саннан кіші санға жуықтау

`ceil()` - берілген санды жуықтау

Мысалдар

1

$$S = \sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)}$$

$$P = \frac{a+b+c}{2}$$

2

```
r=pow(abs(-2) + abs(-1), round(3,8))
print(r)
```

3

Математикалық өрнектерге есеп

Четырехзначный палиндром

(Время: 1 сек. Память: 16 Мб Сложность: 10%)

Требуется написать программу, определяющую, является ли четырехзначное натуральное число N палиндромом, т.е. числом, которое одинаково читается слева направо и справа налево.

Входные данные

Входной файл INPUT.TXT содержит натуральное число N ($1000 \leq N \leq 9999$).

Выходные данные

В выходной файл OUTPUT.TXT следует вывести слово «YES», если число N является палиндромом, или «NO» – если нет.

Примеры

№	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	6116	YES
2	1231	NO

ЖАУАБЫ:

1-ТӘСІЛ

```
a = int(input())
a1 = a//1000
a2 = (a//100)%10
a3 = (a//10)%10
a4 = a%10

if a1==a4 and a2==a3:
    print("YES")
else:
    print("NO")
```

2-ТӘСІЛ

```
a = input()
if a[0]==a[-1] and a[1]==a[2]:
    print("YES")
else:
    print("NO")
```

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕРГЕ ЕСЕП

Орфография

(Время: 1 сек. Память: 16 Мб Сложность: 13%)

У студента-филолога Васи есть замечательный друг Петя. И Петя никак не может выучить английский язык. Английский текст Петя еще кое-как читает, но пишет с ужасными ошибками, причем чаще всего он вставляет в слова лишние буквы.

Вася решил помочь Пете. Теперь каждый день Вася диктует Пете слова, а Петя их записывает. После семестра занятий Петя стал писать много лучше и теперь делает в словах только по одной ошибке. Чтобы автоматизировать процесс исправления ошибок, Вася просит Вас написать программу, которая удаляет из слова одну лишнюю букву и показывает Пете правильное слово.

Входные данные

Входной файл INPUT.TXT содержит целое число K - номер лишней буквы, а затем через один или несколько пробелов записано слово S, состоящее из английских букв верхнего регистра. Гарантируется, что номер буквы от единицы до длины слова включительно. Длина слова не более 80 символов.

Выходные данные


В выходной файл OUTPUT.TXT выведите исправленное слово.

Примеры

№	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	4 MISTSPELL	MISSPELL
2	2 ABC	AC

ЖАУАБЫ:

```
a , str1 = input().split()
a = int(a)-1
print(str1[0:a]+str1[a+1:])
```



****** 3-есеп. N натурал саны берілген. Сол санның цифрларының арасындағы ең үлкенін табатын блок-схема құр. Есептің программа кодын жаз.

Мысалы	Нәтиже
70856954	9

ЖАУАБЫ

```

n = int(input())
i=0
max1 = 0
while n!=0:
    a = n%10
    if a>max1:
        max1=a
    n = n//10
print(max1)

```

БЛОК СХЕМА




Таблица умножения

(Время: 1 сек. Память: 16 Мб Сложность: 20%)

Большой любитель математики Вова решил повесить у себя в комнате таблицу умножения. После некоторых раздумий он обнаружил, что обычная таблица умножения 10 на 10 уже не популярна в наши дни. Он решил повесить у себя в комнате таблицу N на M. Представив себе эту таблицу, Вова задался вопросом - сколько раз в ней встречается каждая из цифр от 0 до 9?

И прежде чем нарисовать эту таблицу Вова попросил вас написать программу, которая даст ответ на его вопрос.

Как известно, в таблице умножения на пересечении строки i и столбца j записано число $i \cdot j$.

Входные данные

Входной файл INPUT.TXT состоит из единственной строки, на которой через пробел записаны два натуральных числа N и M ($1 \leq N, M \leq 1000$).

Выходные данные

Выходной файл OUTPUT.TXT должен состоять из десяти строк. На строке i выведите количество раз, которое Вове придется нарисовать цифру i - 1.

Пример

	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	10 10	28
2		24
3		27
4		15
5		23
6		15
7		17
8		8
9		15
10		6

ЖАУАБЫ

```
a,b = map(int,input().split())
str1 = " "
for i in range(1,a+1):
    for j in range(1,b+1):
        str1 = str1 + str(i*j)

print(str1.count("0"))
print(str1.count("1"))
print(str1.count("2"))
print(str1.count("3"))
print(str1.count("4"))
print(str1.count("5"))
print(str1.count("6"))
print(str1.count("7"))
print(str1.count("8"))
print(str1.count("9"))
```

Клавиатура

(Время: 1 сек. Память: 16 Мб Сложность: 11%)

Для данной буквы английского алфавита нужно вывести справа стоящую букву на стандартной клавиатуре. При этом клавиатура замкнутой буквы «р» стоит буква «а», от буквы «l» стоит буква «z», а от буквы «m» — буква «q».

Входные данные

Первая строка входного файла INPUT.TXT содержит один символ — маленькую букву английского алфавита.

Выходные данные

В выходной файл OUTPUT.TXT следует вывести букву стоящую справа от заданной буквы, с учетом замкнутости клавиатуры.

Примеры

№	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	q	w
2	t	y
3	p	a
4	l	z
5	m	q

ЖАУАБЫ:

```
a="qwertyuiopasdfghjklzxcvbnmq"  
b=input()  
for i in range(0,len(a)):  
    if a[i]==b:  
        print(a[i+1])
```

X айнымалыға 8 санын енгізгендегі нәтиже

```
x=int(input())  
for y in range(1,x,2):  
    print(y, end=' ')
```

Айнымалының мәні 5-ке тең болғандағы есептің жауабы

```
a=int(input())  
if a==0:  
    print(a*10)  
else:  
    if a>0:  
        print(a**2-10)  
    else:  
        print(a**2+10)
```


Программа фрагментінің нәтижесінде қандай мәндер шығады?

```
s="география"  
k="информатика"  
n=len(s)  
print (n, s[7:8]+k[1:4])
```

Программаны іске қосқаннан кейін some.txt файлындағы нәтиже

```
list=[0,1,2,3,4]  
my_file = open("some.txt", "w+")  
my_file.write("Сандар")  
for i in range(4):  
    print(i)  
my_strinJ = my_file.read()  
my_file = open("some.txt")  
print(my_strinJ)  
my_file.close()
```

WEB-ЖОБАЛАУ

HTML & CSS & MySQL



HTML



HTML + CSS




HTML + CSS + JavaScript

```

<html>
<head>
<title> Дыбыстық және бейнефайлдарды кірістіру </title>
</head> <body bgcolor=lime>
<h2 align=center> бейне немесе дыбысфайлын ойнату </h2> <p><i> бетті
жүктегенде дыбысфайлды ойнату: </i>
<bgsound src="001.mp3" loop=infinite></p>
<i> бейнефайлға сілтеме: </i>
<a href="002.avi"> 
<p><i> Дыбыстық файлға сілтеме: </i></p>
<a href="004.mp3">
</body>
</html>

```



Заттар туралы мәлімет жинақталған «Nomenclature» деректер кестесі және зат қасиеттері туралы мәлімет жинақталған «Description» деректер кестесі берілген.

id	name	id	description
1	Кітап	1	Ғажайып кітап
2	Орындық	3	Жасыл қалам
3	Қалам	5	Қызыл көйлек

Nomenclature кестесі description кестесі

mysql>SELECT*FROM nomenclature LEFT JOIN description USING(id)
біріктіру нәтижесін анықтаңыз

Барлық «Мекете» кесте жазбаларын шығару үшін қарапайым SQL сұраныс жазбасы

№	Kызметкерler	Lauazımy	Zhalakysy	Meken-zhai	Telefony
1	Ақбаева Аружан	директор	310 000	Иманбаев к-сі, 18 үй, 85 пәтер	87071121545
2	Амелева Дилара	директордың орынбасары	250 000	Сығанақ к-сі, 17 үй, 10 пәтер	87074582545
3	Ахтаев Ислам	хатшы	370 000	Тұран д-лы, 15 үй, 45 пәтер	87071651545
4	Адылканов Амир	бас есепші	450 000	Абай к-сі, 46 үй, 96 пәтер	87012321545
5	Бақытқазы Дана	инженер	500 000	Иманов к-сі, 17 үй, 63 пәтер	87071187845
6	Сәрет Нұрхан	дәрігер	350 000	Қабанбай батыр к-сі, 100 үй, 250 пәтер	87079921545
7	Балмағанбет Асанәлі	дәрігер	510 000	Тұран д-лы, 15 үй, 17 пәтер	87053121545
8	Қонақбаев Самғат	дәрігер	490 000	Абай к-сі, 17 үй, 23 пәтер	57075521545
9	Қазақбаев Әлібек	программалаушы	230 000	Иманов к-сі, 17 үй, 23 пәтер	87072321545

Деректер қорында кестенің бір жазбасына бағынышты кестенің бірнеше жазбасының сәйкес келуі

- ☐ A) көптен-көпке
- ☐ B) біреуден-көпке
- ☐ C) көптен-екеуге
- ☐ D) біреуден-біреуге

Банк қызметкерлері туралы деректер қорын құруға қажет сипаттамалар: аты, мекен-жайы, туған күні, жұмысты бастаған уақыт. Осы деректерге сай қолданатын деректер типі

- ☐ A) smallint, varchar, date
- ☐ B) char, date, smallint
- ☐ C) varchar, date, datetime
- ☐ D) smallint, char, datetime



**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№11 лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
информатика пәні мұғалімі
Баткамбаева Избиби Далабаевна**

**ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША
МҰҒАЛІМНІҢ ЖИНАҚ ПАПКАСЫ**

"Бүгінгі таңда ҰБТ-ға дайындық – бұл жоғары сынып оқушыларын алаңдататын басты мәселе. Информатиканы қажетті пәндерінің тізбесіне кіргізу арқылы пәнді оқуға қызығушылық танытқан оқушылар санын ұлғайтуға мүмкіндік болады, бұл өз кезегінде информатика мұғалімдері кәсібінің беделі мен мәртебесін арттырады", – деп жазды Бағдат Мусин facebook парақшасында.

Ұлттық бірыңғай тестілеу - ҰБТ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны.

Мақсаты: Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау мақсатында тақырыптарды оңай әдістермен түсінікті жеткізе отырып оқулықпен өз бетінше дайындалуға үйрету.

Міндеті:

1. Оқушылардың тест жұмыстарын шешуде ақпарат, мәліметтерді өз бетімен қолдануын ұйымдастыру;
2. ҰБТ-ны сәтті тапсыру үшін Информатика пәнінен білім деңгейін анықтау;
3. Уақытты тиімді пайдалана білуге мүмкіндік беру;
4. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру;
5. Оқушының ойлау, есте сақтау, іздену дағдыларын қалыптастыру, белсенділігін арттыру;
6. Өтілген материалды жан-жақты меңгеруге жағдай жасау;

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар Информатика пәні бойынша тестті сәтті тапсырады, берілген тапсырманың мазмұнын түсіне алады, өздігінен білім алуға үйрену қызметі қалыптасады, алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйренеді

Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға

міндетті орта білім беру стандартына, жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді.

2022 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест тапсырмалары ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) жалпы орта білім деңгейіне арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

ҰБТ-ға дайындалу үшін пәндер бойынша тест спецификацияларын, оқулықтарды, тест нұсқаларын басшылыққа алу қажет.

Ескертпе: Типтік үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың жаңартылған мазмұндағы пәндер мазмұнын толығымен меңгеруі ҚР БҒМ бекіткен оқулықтармен қатар **әртүрлі қосымша деректерді қолдану** арқылы жүзеге асырылады.

Түсушілер тестілеуге өтінішті <https://app.testcenter.kz/authm> ҰТО сайты арқылы онлайн режимде берді.

ҰБТ-ның электрондық сертификаты өтініш берушінің <https://app.testcenter.kz/> сайтындағы жеке кабинетінде немесе <https://certificate.testcenter.kz/search> сілтемесі арқылы жүктеуге қолжетімді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – оқушы білімін нақты бағалау негізі.

(Оқушы мен мұғалімге арналған ұсыныстар)

Ұлттық бірыңғай тестілеу дегеніміз не?

Ұлттық бірыңғай тестілеу дегеніміз не? Ол республикада қандай мақсатпен енгізілуде? Жоғары сапалы білім алуды қамтамасыз ететін білім жетістіктерін сырттай бақылау жүйесін жасау мақсатында 2004 жылы республикада ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілген – ол білім ұйымдарынан тәуелсіз білім сапасын бағалайтын жаңа технологияларға негізделген мектеп бітірушілерін мемлекеттік аттестаттауды және колледждер мен жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын біріктіретін мемлекеттік жүйе. ҰБТ-ның негізгі міндеттері бірыңғай өлшеу материалдарының көмегімен білім сапасына мемлекеттік бағылау мен басқару жүйесін қамтамасыз ету, білім сапасын бағалаудың

әділдігін дұрыстығын арттыру болады. ҰБТ-ны енгізу білім беру ұйымдарының қызметін әділ бағалауға, олардың нақты рейтингісін анықтауға, мұғалімдер мен оқушылардың оқуда жақсы нәтижелерге жетсем деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. ҰБТ-ның басты міндеттері - бірыңғай өлшеуіш материалдардың көмегімен мемлекеттік бақылауды және білім беру сапасын басқаруды, білім беру сапасын бағалаудың әділдігін сенімділігін арттыру мониторингісі болып табылады. ҰБТ – ны жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері ерікті түрде тапсыратын болады. ҰБТ – ны ағымдағы оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына колледждеріне түсем деп ниет білдірген бітірушілер тапсырады. Ерекше үлгідегі аттестат және «Алтын белгі» белгісін, үздік аттестатты алуға үміткер бітірушілер үшін ҰБТ тапсыру міндеті.

ҰБТ оқушылар білімін тез әрі жан - жақты бақылау мен бағалауда тиімді әдіс болып табылуда. Сондықтан бүгінгі таңда осы әдіс жаппай қолданылуда.

ҰБТ-ға дайындық (оқушыға кеңес)

- Сабаққа орын дайында: үстелдің үстінен керек емес заттарды алып таста, керек оқулықтарды, құралдарды, дәптерлерді, қағаздарды, қарындаштарды ыңғайлы орынға қой.
- Бөлменің интерьеріне сары және күлгін түстерді енгізіп қойыңдар (олар интеллектуалдық белсенділікті жоғарлатады). Осы үшін сурет немесе эстампа қажет.
- ҰБТ-ға дайындық жоспарын жасаңдар. Біріншіден: Кімсіз – «үкі» немесе «бозторғай», осыған орай таңертеңгі немесе кешкі сағаттарын пайдаланып, әр күнге дайындық жоспарын жасағанда, бүгін не оқу қажет екенін анықтау керек
- Білмейтін материалдан, қиын саласынан бастаңдар. Егер сендерге бастауға қиын болса, қызықты және ұнайтын материалдан бастаңдар. Оқу мен демалысты кезектеңдер: 40 минут сабақ, 10 минут – үзіліс. Үзіліс кезінде гүлдерге су құюға, ыдыс-аяқты жууға, дене шынықтыру жаттығуларын жасауға, душ қабылдауға болады.
- Осы пән бойынша әр түрлі жарияланған тесттерді көп орындаңдар. Осы жаттығулар сізді тест тапсырмаларының құрылысымен таныстырады.
- Секундамер арқылы жаттығу жасаңдар, тест орындалудың уақытын белгілендер (1 тапсырмаға ең көбі – 1,5 мин кетсін).

- Емтиханға дайындалу барысында зор жеңістің суретін ойыңызға салып отырыңыздар. Ешқашанда тапсырманы орындай алмаймын деп, ойламаңдар.
- Қиын мәселелерді қайталауға емтихан алдында бір күнді қалдырыңдар.

ЕМТИХАН АЛДЫНДА.

Көбісі - емтиханға толық дайындалу үшін соңғы, бір түн жетпейді деп, ойлайды. Бұл дұрыс емес. Сіз шаршадыңыз, өзіңізді қажыту керек емес. Керісінше: кешкі серуенді жасап, ұйықтау алдында душ қабылдаңыздар. «Тұлпар» сезіммен ояну үшін, рақаттанып ұйықтаңыздар.

Оқушылардың білімін жетілдіру үшін ұсынылатын жұмыстар:

1. Өткен тақырыптарды жүйелі түрде қайталау;
2. Әр оқушыда жеке дәптер болу керек;
3. Апта сайын консультация жүргізу;
4. Оқушылар үшін қиын тақырыптарды қайтадан өту;
5. Тестілеуден кейін жіберілген қателермен жұмыс жүргізу;
6. Сынып жетекшімен бірігіп жұмыс жүргізу, әр оқушының консультацияға келуін бақылау;
7. Апта сайын мектепаралық тестілеу жүргізу;
8. Арнайы папкаға оқушылардың жетістік көрсеткіштерін белгілеп отыру.

Мұғалімдердің ұлттық тестілеу алдында жүргізілетін дайындық жұмыстары

- Қазақстан тарихы пәні мұғалімдеріне бақылау жұмыстарын жүргізу керек. Өз пәнін жетік білмейтін мұғалім балаға үйрете де алмайды. Бақылау барысында төмен нәтиже көрсеткендерге қатаң талап қойып, қайта сынақтан өткізген жөн. Мұғалімдердің де дайындығына уақыт беріледі.
- Мұғалімдердің оқушылар үшін дайындаған тест тапсырмаларын бірлестік отырысында қарап талдау керек.
- «Айлық нәтиже» қабырға газеті ай сайын шығарылып, оған ай сайын алынып отырған тест нәтижесі ілініп отырады.
- Мұғалім оқушыларға қиындық туғызатын сұрақтарды біліп, іле қосымша түсіндіріп отырған жөн.
- Мектеп әкімшілігі сабақтарға жиі кіріп, мұғалімнің жаңа сабақты қалай игеретініне назар аудару керек. Әр сабақ

жақсы игерілсе, оқушының жаңылыс басуы мүмкін емес. Мұғалім шеберлігі қажет. Шеберлік жетіспеген жағдайда ол мұғалімнің өзіне көп ізденіс керек.

- Мектеп әкімшілігі оқушылардың білімін өздері тексеріп, тоқсандық бағамен салыстыру керек. Кей мұғалім бағаны көтермелеп қояды да, осыдан кейін оқушы аз дайындыққа қанағат тұтады. Онсыз да жақсы баға алғандықтан, терең оқуға ұмтылмайды. Әкімшілік тестілеуде алған баға мен журналдағы бағаны салыстырып, көтермелеген бағаның алдағы уақытта төмендейтіндігін ескерсе, оқушы да тырысуы мүмкін. Әділетсіз қойған баға өзгелерге де ықпалын тигізеді. Кейбірі «Оған 5,маған бәрібір 3» деп ойлап, сабаққа мән бермейді.
- Мұғалім тест сұрақтарын ата - аналарға да беріп, олар үйде тексерсе, нәтижесін мұғалімге көрсетсе және ата - аналарға жиналысында есеп беріп отырса.
- Оқушылар арасында (әсіресе 9-11 сыныптар) қызықты іс шаралар ұйымдастырылып, оған тестке қатысты сұрақтар енсе.
- Сыныпты 4 топқа (басқа да) бөліп, өзара бәсекелестік жүргізсе, (білім деңгейлеріне қарай ең жақсы оқитындар арасында, жақсы оқитындар, орташа оқитындар, үлгірімі төмендер арасында).
- Барлық мектепте компьютер жақсы жолға қойылып, оқушы тестілеуде берген жауаптарын компьютердегі жауаптармен салыстырса. Кемшіліктерін өздері түзеп, жазып отырса. Тіпті болмаған жағдайда мұғалімнің жауап қағазымен салыстырса.
- Әр жаңа сабақты өткен сайын сол тақырып бойынша соңында 1-2 минуттық тест алынып отырса.
- Қай мектепте, қай пәнінен тест бойынша нәтиже жақсы болса, сол пән мұғалімінің санатын көтерсе, ақшалай сыйлық берілсе.
- Қысқа аудандық тестілеу өтіп, әдіскерлер мектептердегі оқушыларды (9-10 сыныптар) бақылаудан өткізсе.
- Тестілеуге дайындық барысында бір қосымша сабақ бөлініп, ол ақылы болса, мұғалімдердің де қызығушылығы туар еді.
- Тестілеуге байланысты тәжірибелі мұғалімдер өз әдістермен таныстыру үшін бірігіп, семинар ұйымдастырса.

Сонымен, жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін – мұғалім. Ендеше, біздер, мұғалімдер көп оқуымыз керек. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі – кейінгі толқын жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Сондықтан болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әрбір педагогтың алдында үлкен жауапкершілік тұр. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Тестілеуге әр тоқсан бойынша анализ жасау (I, II, III, IV тоқсан)

I тоқсан бойынша тестілеудің анализі

Оқушылардың ҰБТ-ға дайындық білім сапасын жоғарлатудағы жұмыстың жоспары

II тоқсан бойынша тестілеудің анализі

Оқушылардың ҰБТ-ға дайындық білім сапасын жоғарлатудағы жұмыстың жоспары

III тоқсан бойынша тестілеудің анализі

Оқушылардың ҰБТ-ға дайындық білім сапасын жоғарлатудағы жұмыстың жоспары

IV тоқсан бойынша тестілеудің анализі

Оқушылардың ҰБТ-ға дайындық білім сапасын жоғарлатудағы жұмыстың жоспары

**Информатика пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы**
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

2. Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін информатикадан білімді меңгеру деңгейін бағалау.

3. Тест мазмұны:

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Оқыту мақсаты
01	Компьютерлік жүйелер	01	Компьютердің құрылғылары	001	7.1.1.1 компьютердің жады түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады) 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау
		02	Компьютерлік желілер. Компьютерлік желілерді ұйымдастыру	002	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу 8.1.3.1 желінің өткізу қабілетін анықтау 9.1.3.1 бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыру 10.6.1.1 желілік компоненттердің қызметін сипаттау (желілік түйіндер, бағдарлауыш, коммутатор) 10.6.1.2 IP (ай пи)–адресінің жазылуы мен қызметтерін, ұсынылуын түсіндіре алу 10.6.1.3 (DNS (ди эн эс)) домен аттар жүйесінің қызметтерін сипаттау
		03	Ақпараттық қауіпсіздік	003	8.4.2.1 желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернетте алаяқтық пен агрессия) 10.6.2.1 «Ақпараттық қауіпсіздік», «күпиялық», «тұтастық» және «қолжетімділік» терминдерінің мағынасын түсіндіру 10.6.2.3 қолданушының мәліметтеріне қатысты қауіпсіздік шаралардың қолданылуын түсіндіру: күпиясөз, тіркелу жазулары, аутентификация, биометриялық аутентификация
				004	11.6.2.2 электронды сандық қолтаңба және сертификаттың қолданылуын сипаттау 11.6.2.3 электронды сандық қолтаңба қолдану алгоритмін сипаттау
02	Ақпараттық процестер	04	Ақпаратты ұсыну және өлшеу	005	7.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру 8.2.1.1 ақпараттың көлемін анықтағанда алфавиттік тәсіл қолдану 9.2.1.1 ақпараттың қасиеттерін анықтау (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық)
		05	Есептеу жүйелері	006	10.2.1.1 ондық жүйедегі бүтін сандарды екілік, сегіздік, он алтылық санау жүйесіне аудару және кері аудару
		06	Компьютердің логикалық негіздері	007	10.2.2.1 логикалық операцияларды қолдану (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия) 10.2.2.2 берілген логикалық элементтер үшін ақиқат

					кестесін құру 10.2.2.3 1 негізгі логикалық элементтердің нысаналы мақсатын түсіндіру: конъюнктор, дизъюнктор, инвертор 10.2.2.4 логикалық өрнектерді логикалық сызбаға және керісінше ауыстыру
		07	Ақпаратты кодтау	008	10.2.3.1 Unicode және ASCII символдарын кодтау кестесін салыстыру
03	Компьютерлік ойлау	08	Алгоритмдер	009	7.3.2.1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу 8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру 9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолдану
		09	Программалау	010	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу 7.3.3.2 Python программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды қолдану 7.3.3.3 Python программалау тіліндегі күрделі шарттарды қолдану
				011	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын пайдалану
				012	8.3.3.2 For (фор) цикл операторын пайдалану
				013	8.3.3.3 цикл басқару нұсқаулығын қолдану (continue (контину), break (брик), else (элс))
				014	9.3.3.1 Бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау 9.3.3.2 Екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау
		10	Алгоритмдер және программалар	015	10.5.1.1 Функциялар мен процедураларды пайдаланып бағдарламалау тілінде кодты жазу 10.5.1.2 жолдарды өңдеу үшін процедуралар мен функцияларды пайдалану 10.5.1.3 ақпаратты оқу және жазу үшін файлдарды пайдалану 10.5.1.5 практикалық есептерді шешу үшін іздеу алгоритмдерін іске асыру
04	Аппараттық және программалық камтамасыз ету	11	Аппараттық камтамасыз ету. Программалық камтамасыз ету	016	9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай программалық жасақтаманы таңдау 10.1.1.1 басқару құрылғысының (БҚ), арифметика-логикалық құрылғының (АЛҚ) және жад регистрінің процессордың бір бөлігі ретінде функциясын сипаттау
05	Ақпараттық процестер мен жүйелер	12	Реляциондық деректер қоры	017	10.3.1.1 «реляциондық деректер қоры» ұғымын түсіндіру 10.3.1.2 жол, жазба, индекс терминдерінің анықтамасын құрастыру 10.3.1.3 деректер қорында бірінші кілтті анықтау
		13	Мәліметтер қорын жасау. Құрылымдалған сұраныстар.	018	10.3.2.1 деректер қорында мәліметтер типін анықтау (SQL) 10.3.2.2 біркестелі деректер қорын құру (SQL) 10.3.2.3 көпкестелі деректер қорын құру (SQL) 10.3.2.4 деректерді енгізуге арналған форма жасау (SQL) 10.3.2.5 алынған мәліметтерді қолдана отырып, есептерді жасау (SQL) 10.3.3.1 конструктордың көмегімен іріктеуге бағытталған сұраныстарды жасау (SQL (эс кю эль)) 10.3.3.2 web –парақша мен деректер қорының байланысын орнату
		14	Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер	019	11.3.4.1 машиналық оқыту принциптерін, нейрондық желілерді (нейрондық және синапстар) түсіндіру 11.3.4.5 Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмысын түсіндіру 11.3.4.8 «заттар интернетінің» жұмыс қағидаларын

					сипаттау 11.3.4.9 «заттар интернетінің» перспективасы туралы айту
		15	IT Startup (ай-ти стартап)	020	11.5.3.1 Startup (стартап) түсінігін баяндау 11.5.3.2 Crowdfunding (краудфандинг) платформаларының жұмыс істеу қағидаларын сипаттау 11.5.3.3 өнімді насихаттау және сату жолдарын сипаттау
06	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	16	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	021	7.2.2.3 электрондық кестеле диаграммаларды жасау 7.2.2.4 электрондық кестеле шартты пішімдеуді қолдану 7.2.2.5 электрондық кестеле деректердің әртүрлі түрлерін қолдану 7.2.2.6 электрондық кестеле есептеулер үшін формулаларды жасау
				022	8.2.2.1 электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін пайдалану 8.2.2.2 абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді пайдалану 8.2.2.3 Электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды пайдалану
		17	Web-жобалау	023	10.4.2.1 web (веб)-парақшаларды жасауда HTML (аш ти эм эл)-тегтерін қолдану 10.4.2.2 web-парақшаларды жасауда CSS (си эс эс) қолдану 10.4.2.3 web (веб)-парақшаларды жасауда дайын скриптілерді қолдану 10.4.2.4 Web (Веб)-бетке мультимедиа нысандарын кірістіру үшін HTML (аш ти эм эл) тегтерін қолдану
					11.4.1.1 виртуалды және кеңейтілген шындықтың мақсатын түсіндіру 11.4.1.2 адамның психикалық және физикалық деңсаулығына виртуалды және кеңейтілген шындықтың әсері туралы айту
		18	3D - модельдеу	024	

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест информатика пәні бойынша 35 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тест тапсырмалары түсушілердің информатикадан білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С– 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 65 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты тапсырманы орындауға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».



**Информатика пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест жоспары
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

№	Бөлім	Саны
01	Компьютерлік жүйелер	4
02	Ақпараттық процестер	9
03	Компьютерлік ойлау	7
04	Аппараттық және программалық камтамасыз ету	1
05	Ақпараттық процестер мен жүйелер	7
06	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7
		35

**Перечень рекомендуемых учебников по предмету «Информатика»
для подготовки к Единому национальному тестированию**

№	Название учебника	Класс	Автор (ы)	Год издания	Издательство
